

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ө. Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институты

Металлургия және пайдалы қазбаларды байыту кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

техн. ғыл. к-ты,

Тәжі М.Б. Барменшинова

« 15 » 05 2019 ж.

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: «Жоғары мысты агломератты шахталы тотықсыздандыру балқыту процесінде мыс, қорғасынның өнімдер арасында таралуын зерттеу»

5B070900 – Металлургия

Орындаған

Мырзабаева Куралай Кизатовна

Ғылыми жетекші

техн. ғыл. канд., қауым. профессор

Н.Қ. Досмұхамедов

« 14 » 05 2019 ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ө. Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институты

Металлургия және пайдалы қазбаларды байыту кафедрасы

5B070900 – Металлургия



Дипломдық жұмыс орындауға
ТАПСЫРМА

Білім алушы: *Мырзабаева Куралай Кизатовна*

Тақырыбы: *«Жоғары мысты агломератты шахталы тотықсыздандыру балқыту процесінде мыс, қорғасынның өнімдер арасында таралуын зерттеу»*

Университет ректорының «08» қазан 2018 ж. № 1113-б бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі «23» мамыр 2019 ж.

Дипломдық жұмысның бастапқы берілістері: *ЖШС «Казцинк» жағдайында шахталық тотықсыздандырып балқыту процесінің өндірістік мәліметтері*

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:



- а) Өндірістің технологиялық үрдістері; металлургиялық есептеулер;*
- б) Мыс пен қорғасынның балқыту өнімдері арасында бөлініп таралуы;*
- в) Экономика бөлімі;*
- г) Еңбек қорғау бөлімі.*

Графикалық материалдардың тізімі: Дипломдық жұмыс бойынша __слайд
Ұсынылатын негізгі әдебиет 13 атау

Дипломдық жұмысты дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Кіріспе	11.03.2019 ж.	
Әдеби шолу	25.03.2019 ж.	
Металлургиялық есептеулер	08.04.2019 ж.	
Экономикалық бөлім	15.04.2019 ж.	
Қорытынды	22.04.2019 ж.	

Дипломдық жұмыс бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жұмысқа қойған
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Экономикалық бөлім	Н.К.Досмұхамедов техн. ғыл. канд., қауым. профессор	09.04.2019	
Норма бақылау	Г.М.Қойшина PhD, лектор	23.04.19	

Ғылыми жетекші



Н.К. Досмұхамедов

Тапсырманы орындауға алған білім алушы



К.К. Мырзабаева

Күні

«14» қаңтар 2019 ж.

Ғылыми жетекшінің пікірі

дипломдық жұмысына

(жұмыс түрлерінің атауы)

Мырзабаева Құралай Кизатовна

(оқушының аты жөні)

5B070900 – «Металлургия»

(мамандық атауы мен шифрі)

Тақырыбы: Жоғары мысты агломератты шахталық тотықсыздандырып балқыту процесінде мыс, қорғасынның өнімдер арасында бөлініп таралуын зерттеу

Рецензияға ұсынылған дипломдық жұмыс келесілерді құрайды: қазақ, орыс, шет тілдеріндегі аңдатпа, кіріспе, негізгі бөлім, металлургиялық есептеулер бөлімі, экономикалық бөлім, еңбек қорғау, қорытынды.

Дипломдық жұмыста, мысқа бай агломератты шахталық тотықсыздандырып балқыту зерттелінді. Жұмыста қорғасын алудың әдістері, соның ішінде шахталық тотықсыздандырып балқыту процесінің теориясы және тәжірибесі қарастырылды. Жұмыста жоғары мысты агломератты шахталық тотықсыздандырып балқыту процесінің материалдық және жылулық баланстары есептелінді. Жұмыстың металлургиялық есептеулер бөлімінен алынған нәтижелерден мыс пен қорғасынның балқыту өнімдер арасында бөлініп таралуы зерттелінді. Жұмыста алынған нәтижелер бойынша тәжірибеге ұсыныстар берілді.

Ескерту ретінде жұмыста балқытудан кейін алынатын шлактарды арықарай өңдеу жолдары қарастырылмаған.


Орындаушымен түсіндірме жазбасында барлық зерттеулердің кешені жасалған. Жұмыстағы кестелік материалдар толығымен орындаушымен жасалғанын айқындайды.

Жалпы дипломдық жұмыс «өте жақсы, 98%» деп бағалана алады деп ойлаймын, ал диплом қорғаушының дайындығы «5B070900 – Металлургия» мамандығы бойынша бакалаврға талап етілетін маманды сұраныстарға сәйкес келеді.

Ғылыми жетекші

Т.ғ.к., қауымдастырылған профессор

(қызметі, ғыл. дәрежесі, атағы)



Досмұхамедов Н.Қ.

(қолы)

« 08 » мамыр

2019 ж.

Дипломдық жұмысқа
РЕЦЕНЗИЯ

Мырзабаева Қуралай Кизатовна

(оқушының аты жөні)

«5B070900 – Metallургия»

(мамандықтың атауы мен шифрі)

Тақырыбы: Жоғары мысты агломератты шахталық тотықсыздандырып балқыту процесінде мыс, қорғасынның өнімдер арасында бөлініп таралуын зерттеу

Орындалды:

а) графикалық бөлім _____ парақ

б) түсініктеме _____ бет

ЖҰМЫСҚА ЕСКЕРТУ

Рецензияға ұсынылған дипломдық жұмыс келесі бөлімдерден құрастырылған: қазақ, орыс, шет тілдерінде аңдатпа, кіріспе, негізгі бөлім, металлургиялық есептеулер бөлімі, экономикалық бөлім, еңбек қорғау, қорытынды.

Дипломдық жұмыста, құрамында мысы жоғары агломератты шахталық пеште балқыту зерттелінді. Жұмыста қорғасын алудың әдістері, соның ішінде шахталық тотықсыздандырып балқытудың теориясы және тәжірибесі қарастырылды. Металлургиялық есептеулер бөлімінде мысқа бай агломератты штейнге балқытудың материалдық және жылулық баланстар есептеулері жүргізілген. Балқыту кезінде мыс пен қорғасынның балқыту өнімдері арасында бөлініп таралуы қарастырылды. Алынған нәтижелер бойынша тәжірибеге ұсыныстар берілді.

Жұмыс бойынша сұрақ: мысқа бай агломератты балқыту кезінде түсті металдардың (Cu, Pb, Zn) алынатын өнімдер арасында бөлініп таралу механизмі қандай?

ЖҰМЫСТЫҢ БАҒАСЫ

Жалпы дипломдық жұмыс жұмыстың мазмұны талапқа сай және «өте жақсы, 97%» деп бағалана алады. Ал Мырзабаева Қуралай Кизатовна «5B070900 – Metallургия» мамандығы бойынша бакалавр дәрежесіне лайық деп есептеймін.

Рецензент

Келісім-шарттарды зерттеу офисінің директоры, т.ғ.к.

(қызметі, ғыл. дәрежесі, атағы)

_____ Абиқов С.Б.
(қолы)

« 08 » _____ 2019 ж.

Отчет подобия

Университет:	Satbayev University
Название:	«Жоғары мысты агломератты шахталы тотықсыздандыру балқыту процесінде мыс, қорғасынның өнімдер арасында таралуын зерттеу»
Автор:	Мырзабаева Куралай Кизатовна
Координатор:	Нурлан Досмухамедов
Дата отчета:	2019-04-23 05:21:21
Коэффициент подобия № 1: ?	1,9%
Коэффициент подобия № 2: ?	0,0%
Длина фразы для коэффициента подобия № 2: ?	25
Количество слов:	5 273
Число знаков:	40 548
Адреса пропущенные при проверке:	
Количество завершенных проверок: ?	1



К вашему сведению, некоторые слова в этом документе содержат буквы из других алфавитов. Возможно - это попытка скрыть позаимствованный текст. Документ был проверен путем замещения этих букв латинским эквивалентом. Пожалуйста, уделите особое внимание этим частям отчета. Они выделены соответственно.

Количество выделенных слов 23

Самые длинные фрагменты, определенные, как подобные

Документы, в которых найдено подобные фрагменты: из RefBooks

i

Документы, содержащие подобные фрагменты: Из домашней базы данных

Документы, содержащие подобные фрагменты: Из внешних баз данных

Документы, содержащие подобные фрагменты: Из интернета

Детали отчета подобия

Фрагменты, найденные в документах базы данных отмечены **красным цветом**.

Фрагменты, найденные в интернете отмечены в **зеленый**.

Фрагменты, найденные в базе данных Юридических актов отмечены синим фоном.

АНДАТПА

Дипломдық жұмыс 3 суреттен, 9 кестеден, 48 реакциядан, 5 тараудан тұрады.

Дипломдық жұмыста қазіргі заманауи жағдайда қорғасын өндірісінде кеңінен қолданылатын технологиялар қарастырылып, сарапталған. ЖШС Казцинк қорғасын агломератын шахталық тотықсыздардырып балқыту процесінің технологиялық ерекшеліктері талданып, процестің оңтайлы жаңа жолдары мен зерттеу бағыты таңдалып негізделген.

Жұмыстың негізгі мақсаты – жоғары мысты агломератты шахталы тотықсыздардырып балқыту процесінде мыс, қорғасынның өнімдер арасында таралуын зерттеу.

Дипломдық жұмыста мысқа бай қорғасын агломератын шахталық тотықсыздандырып балқыту процесінің металлургиялық есептеулерінің қорытындылары көрсетілген, сонын ішінде:

- Процестің материалдық балансының есебі, жылу балансы қарастырылған.

- Жаңа бөлім ретінде - мыс пен қорғасынның балқыту өнімдері арасында бөлініп таралуының негіздері зерттелген.

- Алынған мәліметтер бойынша процестің технологиялық көрсеткіштерін оңтайландырудың жаңа жолдары көрсетілген. Мыс пен қорғасынның балқыту өнімдері арасында бөлініп таралуының тепе-теңдік жағдайына жету үшін шлак құрамын келесідей болу керектігі анықталған, % масс.: Pb-1,7, ZnO-22, Cu-0,8, FeO-32, SiO₂-25, CaO-15.

АННОТАЦИЯ

Дипломная работа состоит из 3 рисунков, 9 таблиц, 48 реакций и 5 глав.

В дипломной работе рассмотрены и проанализированы технологии, которые широко используются в современном производстве свинца. Изучены технологические особенности и выбраны оптимальные пути процесса шахтной восстановительной плавки свинца и обосновано направление исследования в условиях ТОО Казцинк.

Основной целью работы является исследование распределение меди, свинца между продуктами шахтной восстановительной плавки высокомедистого агломерата.

В дипломной работе показаны результаты металлургических расчетов процесса шахтной восстановительной плавки с высоким содержанием меди, в том числе:

- Расчет материального и теплового баланса.
- В качестве новой части изучены основы распределения меди и свинца между продуктами плавки.
- Полученные результаты показывают новые способы оптимизации показатели процесса. Установлено, что для достижения равновесного распределения меди и свинца между продуктами плавки состав шлака должно быть следующим образом, % масс.: Pb-1,7, ZnO-22, Cu-0,8, FeO-32, SiO₂-25, CaO-15.

ANNOTATION

Diploma work consists of 3 pictures, 9 tables, 48 reactions and 5 chapters.

The diploma work considers and analyzes technologies which are widely used in modern lead production. Technological features were studied and the optimal paths of mine smelting reduction of lead were chosen and the research direction was analyzed in terms of LLP Kazzinc.

The main purpose of the work is to research the distribution of copper and lead between the products of mine recovery smelting of high-copper agglomerate.

The diploma work shows the results of metallurgical calculations of the process of mine smelting reduction with a high copper content, including:

- Calculation of material and heat balance.
- The basics of copper and lead distribution between smelting products were studied in the new part.
- The results show new ways to optimize the performance of the process. It was established that the slag content should be as follows to achieve an equilibrium distribution between the copper and lead smelting products, % mass.: Pb-1.7, ZnO-22, Cu-0.8, FeO-32, SiO₂-25, CaO-15.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	11
1 Қорғасын өндірісіне қысқаша шолу	12
1.1 Бастапқы және алынатын өнімдердің сипаттамасы	12
1.2 Қорғасын алу әдістері	15
1.3 ЖШС «Казцинк» жағдайында қорғасын агломератын шахталы тотықсыздандырып балқыту	19
1.3.1 Процестің теориясы	19
1.3.2 Процестің тәжірибесі	24
1.4 Зерттеу бағытын таңдау және негіздеу	28
2 Технологиялық бөлім	29
2.1 Мысқа бай қорғасын агломератын шахталық тотықсыздандырып балқыту процесінің материалдық балансы есебі	29
2.2 Шаңның мөлшері мен құрамын есептеу	29
2.3 Штейннің мөлшері мен құрамын есептеу	30
2.4 Шлақтың мөлшері мен құрамын есептеу	30
2.5 Қаралы қорғасынның құрамы мен мөлшерін есептеу	31
2.6 Кокстың жануы үшін үрлеудің мөлшері мен шығатын газдардың құрамын есептеу	32
2.7 Шахталық балқыту процесінің жылулық балансын есептеу	35
3 Мыс пен қорғасынның балқыту өнімдері арасында бөлініп таралуын зерттеу	38
4 Қауіпсіздік және еңбекті қорғау	39
4.1 Қауіпті және зиянды факторларды анализдеу	39
4.2 Техника қауіпсіздігі	39
5 Экономикалық бөлім	41
5.1 Пайданы есептеу	41
Қорытынды	42
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	43
А қосымшасы Агломераттың құрамын есептеу	44
Б қосымшасы Шаңның мөлшері мен құрамын есептеу	46
В қосымшасы Штейннің мөлшері мен құрамын есептеу	48
Г қосымшасы Шлақтың мөлшері мен құрамын есептеу	50
Д қосымшасы Кокстың жануы үшін үрлеудің мөлшері мен шығатын газдардың құрамын есептеу	53

КІРІСПЕ

Шахтада тотықсыздандыру пешінде агломератты қара қорғасынға балқыту кезінде алынатын мыс-қорғасын штейндерін зауытта қарастырылған жеке өңдеуге жібереді.

Шахтада балқыту процесінде алынатын штейндер құрамында мыс мөлшері төмен (20 % дейін) және қоспалар – қорғасын, мышьяк және сурьма концентрациялары жоғары, сондықтан штейндерді конвертерлеу процесінде алынатын өнімдердің сапасы төмен болып келеді. Штейндерде сурьма мен мышьяк қосындысы 1,5 % құрайды. Штейнге қоспалармен бірге қорғасынның ауқымды көлемі өтеді, осының салдарынан алынатын полиметалды штейндердің сапасы төмендейді.

ЖШС «Казцинк» зауытында шахтада тотықсыздандырып балқытумен қатар шахталы қысқартып балқыту процесін жүзеге асырады. Қолданыстағы технологияның сипатты ерекшелігі қорғасын өндірісінің айтарлықтай барлық өндірістік өнімдері мен қайтымдыларын – шахтада тотықсыздандырып балқытудың мыс бойынша кедей штейндері, мыс шликерлері, шлак қабыршақтары, екіншілей сілтілі балқымалар, конвертерлі шлактар мен өзге қорғасын құрамды материалдарды жеке алынған агрегатта – шахталы пеште жеке өздігінен өңдеуге шығару болып табылады. Процесті қара қорғасын, шлак, газ бен мыс мөлшері бойынша аса бай штейн алу үшін жүргізеді.

Жұмыстың негізгі мақсаты - жоғары мысты агломератты шахталы тотықсыздандыру балқыту процесінде мыс, қорғасынның өнімдер арасында таралуын зерттеу.

Жұмыста қойылған мақсатқа жету үшін келесі шаралар мен мәселелер қарастырылды:

- ЖШС «Казцинк» жағдайында қорғасын агломератын шахталы тотықсыздандырып балқыту процесінің теориялық және тәжірибелік негіздерін қарастыра отырып жұмыстың негізгі бағыты анықталды.

- Балқыту процесінде алынатын өнімдердің сапасын арттыру мақсатымен мыс, қорғасын, мышьяк және сурьманың өнімдер арасында бөлініп таралуы зерттелді.

- Процестің металлургиялық және технологиялық есептеулері жүргізілді.

1 Қорғасын өндірісіне қысқаша шолу

Қазіргі уақытта бүкіл әлемнің өнеркәсібі, экологиялық стандарттардың қатаңдауына – қорғасыннан жалпылама бас тартуына байланысты түрленулердің кезекті мерзімін бастан өткізуде. Германия оның пайдаланылуын 2000 ж. бастап, Голландия – 2002 ж. бастап, ал Дания, Австрия және Швейцария сияқты еуропалық мемлекеттер қорғасынның қолданылуына мүлдем тыйым салады [1-3]. Бұл үрдіс 2015 жылдан бастап Еуропа Одағының құрамына кіретін барлық мемлекеттер үшін ортақ. АҚШ пен Ресей де қорғасын қолданысына балама табуға көмек көрсететін технологияларды белсенді дамытуда. Көптеген жетекші корпорациялар алдыңғы қатардағы міндеттер тізіміне қорғасыннан бас тартуды қоюда.

Дегенмен, қорғасынсыз технологияларға ғаламдық деңгейде өту – бұл келешектің міндеті. Қоршаған орта мен адам денсаулығына қорғасын қауіптілігі, оның заманауи өнеркәсіп үшін ауқымды маңыздылығымен қарама-қайшы түрде үйлеседі.

Берілген жұмыста қорғасынды пайдаланудан бас тарту үрдісін жан-жақты қарастыруға талпынамыз.

1.1 Бастапқы және алынатын өнімдердің сипаттамасы

Шахталы пешке балқытуға түсетін агломераттың басты құрамдастары қорғасын тотығы, қорғасын силикаттары мен ферриттері, сонымен қатар сульфид, сульфат, металл түріндегі қорғасынның бір бөлігі болып табылады.


Шахтада балқыту процесін, шихтаға қайсыбір өзге қайтымдылар қосылмаған, тек бір агломератта жүргізеді. Шихтада агломерат үлесі шамамен 85 % құрайды, қалғаны – тотықсыздандырғыш ретінде қолданылатын кварцты флюс және кокс. Агломератта қорғасын мөлшері 40 % дейін болады [4, 5].

Шахтада тотықсыздандырып балқытудың жалпы технологиялық сұлбасы 1- суретте көрсетілген. Зауытта қолданылатын қорғасын өндірісінің жалпы сұлбасы өзара тығыз байланысқан келесі технологиялық процестерді қамтиды: агломерациялық күйдіру, штейнге, қара қорғасынға шахтада тотықсыздандырып балқыту, оны ары қарай тазалау [6].

Процесс жүргізудің тіпті мұндай тиімді ұйымдастырылуында оң техника-экономикалық нәтижелерге қол жеткізу мүмкін емес. Мақсатты өнімдерге қорғасын мен мыс бөлінуі жеткілікті төмен.

Шахтада тотықсыздандырып балқыту процесіне құрамы, % (мас.): Pb 45-50; S 6-8; CaO 10-20; FeO 25-35; SiO₂ 20-25 болатын агломерат түседі.

Шахтада балқыту процесі штейннің аз шығуымен сипатталады. Алынатын шлак құрамы келесідей, % (мас.): Pb-1,7; ZnO-22; Cu-0,8; FeO-32; SiO₂-25; CaO-15.



1 Сурет – Шахтада тотықсыздандырып балқытудың технологиялық сұлбасы

Қорғасын концентраттарын балқыту кезінде алынатын қара қорғасын құрамында мыс, сурьма, мышьяк және т.б. элементтер қоспалары кездеседі. Қара қорғасын құрамы, % (мас.): 91-96 Pb; 2,5-3,0 Cu; 0,5-2 As; 0,5-2 Sb. Қара қорғасында кездесетін мыс тазалау кезінде мыс шликерлері түрінде жойылады, олар қазіргі таңда зауытта қолданылатын технология бойынша шахтада қысқартылған балқытуға жеке өңдеуге жіберіледі.

Шлак бос жыныс тотықтарынан және арнайы енгізілетін флюстен қалыптасатын көпкомпонентті балқыма болып келеді. Құрамынан мырышты бөліп алу үшін мырышқұрамды шлактарды фьюмингтеумен өңдеуге жіберу болжанып отыр.

Шахтада балқыту процесінде мышьяқты айдау үшін де тиімді шарттар құрылмаған. Шаңға мышьяқтың жалпы көлемінің 35 % ғана өтеді. 30 % дейін

мышьяк штейнде шоғырланады, бұл штейн сапасын қатты нашарлатады. [7] жұмыста орнатылғандай, штейнде мышьяқтың аса күшті корреляциясы мыс мөлшерімен байқалады. Штейннің металдануы жағдайында интерметаллидтердің түзілу мүмкіндігі ұлғаяды, бұл штейнде мышьяк концентрациясының жоғарылауына әкеледі.

Балқыту процесінде штейн шығуы көп емес. Мұнда мыс мөлшері төмен және аз аралықта 15- 20 % дейін өзгереді. Штейндерде мыстың қорғасынға қатынасы 1,0 деңгейінде болады. Штейнде мыс мөлшерінің төмендеуін оның кара қорғасынға ауқымды қайта таралуымен түсіндіруге болады [8, 9]. Балқыту жүргізу барысында, шихтада күкірт жетіспеген кезде, штейннің қатты металдануын күтуге болады, нәтижесінде металды мыстың кара қорғасынға өтуі ұлғаяды.

Шахтада балқыту процесінде алынатын штейндер, құрамында мыс мөлшері төмен (20 % дейін) және қоспалар – қорғасын, мышьяк және сурьма концентрациялары жоғары болғандықтан, ары қарай конвертерлеумен өңдеу үшін айтарлықтай жарамсыз. Штейндерде сурьма мен мышьяк қосындысы 1,5 % құрайды. Штейнге қоспалармен бірге қорғасынның ауқымды көлемі өтеді, салдарынан алынатын полиметалды штейндер сапасын төмендетеді. Шахтада тотықсыздандыру пешінде агломератты кара қорғасынға балқыту кезінде алынатын мыс-қорғасын штейндерін зауытта қарастырылған жеке өңдеуге жібереді.

Зауытта шахтада тотықсыздандырып балқытумен қатар шахтада қысқартылған балқытуды жүзеге асырады. Қолданыстағы технологияның сипатты ерекшелігі қорғасын өндірісінің айтарлықтай барлық өндірістік өнімдері мен қайтымдыларын – шахтада тотықсыздандырып балқытудың мыс бойынша кедей штейндері, мыс шликерлері, шлак қабыршақтары, екіншілей сілтілі балқымалар, конвертерлі шлактар мен өзге қорғасын құрамды материалдарды жеке алынған агрегатта – шахталы пеште жеке өздігінен өңдеуге шығару болып табылады. Процесті кара қорғасын, шлак, газ бен мыс мөлшері бойынша аса бай штейн алу үшін жүргізеді.

Кара қорғасынды ары қарай тазалауға жібереді. Мышьяк (1,8 %) пен сурьманың (3,0 %), сонымен қатар мыстың ауқымды концентрациясы алынатын өндірістік өнімдер мен қайтымды материалдар сапасын төмендетеді, кейінгі операцияларға эксплуатациялау шығындарын ұлғайтады. Мыс шликерлерінің шығуы ұлғаяды, кара қорғасын сапасы нашарлайды.

Құрамында мырыш (15-18 %) кездесетін шлактарды, олардан мырышты толық бөліп алу мақсатымен фьюмингтеуге жібереді [4-6]. Ұшқындарға мырыш бөлінуі 80 % - ға әрең жетеді. Фьюмингтеу кезінде шлактардың түсті металдар бойынша жеткілікті кедейленуіне қол жеткізу мүмкін емес. Қазіргі уақытта процестен кейін шығатын шлактардың жиналуы жалғасуда және ауқымды жер көлемін алуда.

Шаңнан тазартылған газдар күкірт қышқылын алу өндірісіне жіберіледі, ал шаңдар бастапқы саты – агломерацияға жіберіледі.

Мыс-қорғасын штейндерінің шығуы орта есеппен тәулігіне 95 тонна құрайды. Алынған мысқа бай мыс-қорғасын штейнін, ары қарай қара мыс алу үшін конвертерлеу процесіне жібереді. Конвертер шаңын ары қарай өңдеу үшін химия-металлургиялық бөлімге жібереді. Шахтада қысқартылған балқыту және конвертерлеу газдары, шаңнан тазартылғаннан кейін, күкірт қышқылын алу өндірісіне жіберіледі.

Балқыту кезінде қара қорғасын шығуы 22 % құрайды. Шихтада жалпы қорғасын мөлшерінен қара металға бар болғаны 68,8 % қорғасын өтеді. Оның ауқымды үлесі штейнге өтеді. Штейнде қорғасын мөлшері 26 % дейін жетеді. Қорғасынның қалған бөлігі - 5,4 %, шлак пен шаң арасында таралады - сәйкесінше 2,1 және 3,3 %. Алынған деректер көрсетуі бойынша, қара металға қорғасын бөлінуінің төмендеуі, негізінен оның штейндермен жоғалымымен шартталады [7].

Штейнде қорғасын кездесуі алынатын өнімдер сапасын төмендетеді, қара металға қорғасын бөлінуін азайтады, сонымен қатар қара мыс алу үшін конвертерлеу процесінде мыс-қорғасын штейндерінің ары қарай өңделуін қиындатады.

1.2 Қорғасын алу әдістері

Қазіргі уақытта қорғасынды екі жолмен алуға болады: пирометаллургиялық және гидрометаллургиялық. Минералды шикізаттан өнеркәсіптік қорғасын өндірісі, оны алудың пирометаллургиялық тәсілдеріне негізделеді.

Қазіргі таңда түсті металлургияда ғылыми-техникалық прогрестің маңызды бағыттарының бірі металлургия өндірісіне, бір уақытта шикізатты кешенді пайдаланудың жоғары дәрежесін және зиянды тасталындылардан қоршаған ортаның сенімді қорғанысын қамтамасыз ететін ресурс үнемдеуші технологиялар мен жабдықтарды енгізу болып табылады. Ауыр түсті металдар металлургиясының даму тәжірибесінің көрсетуі бойынша, соңғы бірнеше онжылдықта мыс, никель, қорғасын және қорғасын-мырыш кенін өңдеу технологиясы автогенді процестер негізінде жетілдірілуде [3, 8, 9].

Автогенді металлургиялық процесс – толығымен ішкі энергетикалық ресурстар есебінен, жылу энергиясының бөгде көздерінің – отын немесе электр тоғының шығымынсыз жүзеге асырылатын технологиялық процесс. Жылу экзотермиялық химиялық реакциялардың өту есебінен бөлінеді.

Қорғасын концентраттарын өңдеу кезінде бастапқы шикізаттың құрамына тәуелді әртүрлі технологиялар жүзеге асырылуы мүмкін.

Қазіргі уақытта реакциялық балқыту өнеркәсіптік мәнін жоғалтқан жоқ. Реакциялық балқыту кезінде концентратты қорғасын сульфидін толық тотықтырмай, тек бір бөлігін күйдіруге ұшыратады.

Қорғасын сульфиді және оның тотыққан қосылыстары арасындағы реакцияға негізделген, сульфидтерден қорғасынды тікелей балқытып шығаруды

ертректе құрылғысы бойынша ұста ошағына ұқсас пештерде жүргізген, сондықтан оны ошақта балқыту деп атайды.

Процесс жылдамдығы және қорғасын шығуы ауқымды дәрежеде өзара әрекеттесетін заттар байланысына тәуелді. Бос жыныс минералдары мен қорғасын концентратының өзге қоспалары әрекеттесетін PbO және PbS бөле отырып, байланысты нашарлатады. Сондықтан реакциялық балқыту құрамында кемінде 65-70 % Pb болатын тек бай қорғасын концентраттарын өңдеу кезінде тиімді.

Реакциялық балқыту процесінде жалпы қорғасын бөлінуі 80-90 % құрайды. Қалған 10-20 % қорғасын сульфидтері, тотықтары, сульфаттары, силикаттары және металл түрінде шлакқа өтеді. Шлак аз түзіледі, алайда онда қорғасын мөлшері 35-50 % жетеді.

Реакциялық балқытуды ошақта, қысқа барабанды пеште және электрпештерінде жүзеге асырады [3].

Ошақта балқыту XIX ғ соңында және XX ғ басында қорғасын өндірісінде кеңінен қолданылды. Бұл әдіс бойынша, құрамында 70 % кем емес Pb болатын концентратты қайтымды шаңмен, әктаспен және кокс ұнтағымен бірге ошаққа тиейді, ол ұзындығы 2,5 м, ені 0,5 м және тереңдігі 0,25 м болатын астау тәрізді шойыннан жасалған жәшік болып келеді. Артқы қабырғасында еңіспен жатқан шихтаға ауа беру үшін фурмалар орнатылған. Балқыту процесінде шихтаны механикалық тырмалауыш көмегімен араластырады. Балқытылған қорғасынды мерзімді түрде шығарады, ал қалдық – сұр шлақты қорғасын ваннасының бетінен жинақтайды және жеке кішкентай шахталы пеште өңдейді.

Германия мен Польшада таралымға ие болған қысқабарабанды айналмалы пештерде реакциялық балқыту, PbS: PbO = 1:2 қатынасымен агломерат алу үшін концентраттың бір бөлігінің алдын-ала агломерациялық күйдірілуін талап етеді. Бұл процестің пеші диаметрі мен ұзындығы 2,4 м-ден болатын, жоғары сазбалшықты кірпішпен футерленген болат цилиндрлі қаптама болып келеді, пештің ішкі көлемі ~ 10 м².

Қысқабарабанды пеште балқыту мерзімді түрде жүргізіледі. Отын ретінде көмір шаңын немесе табиғи газды қолданады. Жалпы балқыту ұзақтығы 3-4 сағ. Әдіс кемшілігі: процестің мерзімділігі, пештің аз өнімділігі, қара металға аз ғана тікелей қорғасын бөлінуі (85-88 %).

Электр пешінде реакциялық балқыту. Бай қорғасын концентраттарын (75 % Pb) электрпешінде балқыту технологиясы 2 % ылғалдылыққа дейін кептірілген концентратты қажетті флюс қоспаларымен аспалы күйде пеш күмбезінің астында тікелей балқытуды қарастырады.

Концентратты пешке форсункалар көмегімен реттелетін ауа шығынымен үрлейді. Материал аспалы күйде орналасқан уақыт ішінде сульфидтер бөлігінің тотығуы жүреді. Қорғасын түзілуінің негізгі реакциялары балқыма ваннасында аяқталады. Процесс жоғары техника-экономикалық көрсеткіштермен сипатталады [3].

Процесс КИВЦЭТ-ЦС (мырыш пен қорғасынды оттекті аспалы - циклонды - электртермиялық балқыту) ВНИИцветмет институтының

технологиясы бойынша 1986 ж. ӨҚМК қорғасын зауытының өнеркәсіптік масштабында игерілген [4]. 20 жыл эксплуатациялау барысында технология мен агрегат конструкциясы ауқымды жетілдірілген, бұл процеске өңделетін шикізатқа қатысты аса ауқымды әмбебаптылықты берді. Балқыту кешені: балқыту шахтасынан, PbO тотықсыздандыру реакторынан (кокстеу фильтри), электртұндырғыштан, жою қазандығынан және газдарды шаң мен возгондардан тазалау және суыту электрфильтринен тұрады.

КИВЦЭТ-ЦС аппаратында концентраттарды балқыту тәсілі техникалық оттегінің тиімді қолданылуына, түзілетін шлак балқымасының электртермиялық түзетілуімен аспалы және циклонда балқыту қағидаларына негізделген. Бұл технология сульфидті қорғасын шикізатын металлургиялық өңдеудің заманауи талаптарына аса толық жауап береді.

КИВЦЭТ-ЦС процесі кезекпен өтетін келесі операцияларды: күйдіру – техникалық оттегі атмосферасында бастапқы шикізатты балқытуды, балқыманың көміртермиялық тотықсыздануын; возгондардың тотығуын және олардың технологиялық газдардан ұсталуын қамтиды [1,3].

Аса жоғары (100 % дейін) десульфуризация дәрежесін (циклонда десульфуризация – 40-50 %) талап ететін қорғасын және қорғасын-мырыш концентраттарын өңдеу кезінде, шихтаны күйдіруді жанарғы құрылғыларының пайдаланылуымен күйдіру – балқыту камерасында жүзеге асыру орынды болып келеді.

Шихтаны күйдіру кезінде металды фазаға қорғасынның тек бір бөлігі өтетіндіктен, ал негізгі массасы тотыққан шлак балқымасында тотыққан күйде қалатындықтан, қара қорғасынға қорғасын бөлінуін арттыру үшін күйдіру-балқыту камерасының балқыма бетінде кокс төсемесін құрайды.

Жанарғы шүмегінен шығатын шаң-газ қоспасы балқыту камерасының күмбезінде тұтанады, ұзындығы екі метрден асатын тік алау түзеді. Алаудың жоғарғы зонасында жанарғы маңында шихтаны тотықтырып күйдіру басталады.

Шихта-оттегі жанарғысы арқылы шихтамен бірге көміртекті тотықсыздандырғышты беру мүмкіндігі тотықсыздандырғыш түйіршіктерінің сәйкес келетін ірілігінің таңдалуын айтарлықтай анықтайды, оған тұтану температурасы мен алауда бөлшектерді қыздыру жылдамдығы тәуелді болады. Кокстың майда бөлшектерінің температурасы жоғарылайды, алайда шахтаның биіктігі бойынша оттегі концентрациясы төмендегендіктен, концентрат бөлшектерінің температурасы мен олардың тотығу жылдамдығы біршама төмендейді. Осылайша, қорғасын шикізатын оттекті-факелде балқыту тотықты балқыманың дайындығын қамтамасыз етеді. КИВЦЭТ агрегатында шихта балқуының жоғары жылдамдығы шлақтың баяу тотықсыздану процесімен, шлақтың аса баяу тұндырылуымен және пештің тотықтыру зонасынан тұндырғышқа түсетін шлак пен штейннің сульфидті қиын бөлінетін (тығыздықтарының төмен айырмасынан) ұсақ дисперсті өлшендісінің ауқымды көлемінің шлактан қабаттануымен айтарлықтай жоққа шығарылады. Мыс бойынша кедей үйінді шлактарын алу үшін жоғары энтальпиямен 12 сағатқа

дейін ұзақ уақыт ұстап тұру, сонымен қатар тотықсыздандырғышты жеткілікті жоғары қыздыру қажет [3].

Процесс кемшілігі, электртермиялық камерада шлакты түзеудің ауқымды ұзақтығына байланысты, процестің төмен меншікті өнімділігі болып табылады.

«Isasmelt/Ausmelt» процесі – сульфидті концентраттардан қорғасын алудың екі сатылы тәсілі, Mount Isa Mines. Ltd. және CSIRO (Австралия) фирмаларымен жасалған.

Процесс екі сатыда жүргізіледі: бірінші сатыда қорғасын концентраттары бай концентраттарды (65-70 % Pb) балқыту кезінде бай шлак және қорғасын түзілуімен балқытылады, ал кедей концентраттарды (45-50 % Pb) шлакқа балқытады; екінші сатыда қара қорғасын мен үйінді шлактың түзілуімен шлактың көмірмен тотықсыздануын жүзеге асырады [10].

1273 К температурада ауамен үрлеу арқылы балқыту кезінде возгондар шығуы 20 % құрайды, үрлеуді оттегімен байыту дәрежесінің 35 % дейін ұлғаюы температураны күрт жоғарылатады және возгондар шығуын 40 % дейін ұлғайтады. Үйінді шлакта қорғасын мөлшері шамамен 3 % құрайды.

«Айзасмелт» пеші тік фурмалы тік отқатөзімді цилиндр болып келеді. Фурма пеш күмбезінде саңылау арқылы төмен түседі, және балқытылған шлакқа батырылады. Ауа фурма арқылы беріледі және шлак бетінен төмен үрленеді, бұл балқыма ваннасының қарқынды араласуына әсер етеді.

«Сиросмелт» технологиясы батырылатын жанғыш фурманың қолданылуына негізделген, ол фурманың сыртқы қаптамасының ауамен суытылуы есебінен түзілетін гарниссаж қабатымен жоғары температурадан және коррозиялы – активті шлактан қорғалған.

Қажет болған жағдайда фурмалар арқылы тікелей балқымаға енгізілетін отын пайдаланылуы мүмкін. Отын ретінде мазут, табиғи газ немесе көмір шаңын пайдаланады. Сонымен қатар концентратпен және флюспен араластырылатын кесекті көмір қолданылады. Қоспа пеш қақпағының екінші саңылауы арқылы енгізіледі [2].

Isasmelt/Ausmelt артықшылықтарына балқытуды жылдам іске қосу және тоқтатуды, атмосфераға бөлінетін газдар тасталынымының жоқ болуын, жоғары өнімділігін жатқызуға болады [10].

Берілген технологияның кемшілігі – процесті толығымен үздіксіз деп санауға болмайды, процестің тотықсыздандыру сатысында шлак жеткіліксіз өңделеді, пеш табаны мен қабырғаларында қақ түзілуі мен балқытылған шихта аймақтарын жедел бақылау мүмкін емес.

1981 ж. бастап «Берцелиус» зауытында (г. Дуйсбург, Германия) «Q-S-L» тәсілімен қорғасын балқытудың өнеркәсіптік құрылғысы жұмыс істейді.

Үздіксіз әрекеттегі реакторда қорғасын концентраттарын автогенді балқыту және бай шлактардан қорғасынды тотықсыздандыру операциялары біріктірілген.

Концентрат пен қайтымды шаң қоспасын ылғалдандырады, жентектейді және реактордың тотықтыру зонасына тиейді. Реактор түбінде орналасқан фурмалар арқылы оттегі үрлейді. Тотықтыру зонасында 1233-1253 К

температурада қорғасын және бай шлактың (~ 60 % қорғасын) алынуымен реакциялық балқыту жүзеге асырылады. Тотықтыру зонасында алынған қорғасын сифон арқылы үздіксіз реактордан шығарылады. Бай шлак тотықсыздандыру зонасына ағады, мұнда фурмалар арқылы үрленетін көмір шаңымен шлакта қорғасынның ақырғы мөлшеріне 2 % дейін тотықсызданады. Тотықсыздандыру зонасында 1373-1503 К температураны ұстап тұрады.

Шлак ваннасының тотықтыру және тотықсыздандыру зоналары арақабырғамен бөлінген. Шлактан тотықсызданған қорғасын тотықсыздандыру зонасынан шығарылады. Тұндырудан кейінкедейленген шлакты тесік арқылы шығарады және түйіршіктейді. Процесте жылуды жоғары дәрежеде жою қарастырылған.


1.3 ЖШС «Казцинк» жағдайында қорғасын агломератын шахталы тотықсыздандырып балқыту

1.3.1 Процестің теориясы

Негізгі тотықсыздандырғыш ретінде көміртегі, көміртегі оксиді және сутегі (сирек) қолданады. Шахталық балқытуда кокс бір уақытта отынның және тотықсыздандырғыштың қызметін атқарады. Келесі реакцияға түсіп газ түріндегі тотықсыздандырғыш түзеді.



Тотықсыздану процесінің термодинамикалық шарты бойынша газ фазасындағы СО-ның СО₂ -ге қатынасы 1:1 болуы тиіс. Бұл қатынасты тиелетін кокспен үрленетін ауадағы оттегінің мөлшерін реттеу арқылы ұстайды. Металл оксиді қатты көміртегімен 2 кезеңмен тотықсызданады:



Қатты көміртегімен тікелей тотықсыздандыру металлургиялық процестерде үлкен роль атқармайды. Өйткені қатты фазалар өзара әлсіз қатынаста болады және бұл реакцияның көпшілігі эндотермиялық. Реакциялар жүру үшін жоғары температура қажет және материалдар тығыз қатынаста болуы тиіс. Кесек агломератпен кокс арасында ондай қатынас болмайды. Сондықтан бұл процесте негізгі тотықсыздандырғыш СО болып табылады. Кокс фурма маңында тұрақты қабат түзіп, келесі реакциямен жанады:



Түзілген CO_2 пеш шахтасымен жоғары көтеріліп кокстың көміртегісімен реакцияға түседі.



Одан жоғары аймақта CO мөлшері азайып, газда CO_2 мөлшері көбейеді және төменгі температурада келесі ыдырау реакциясы жүреді.



Тотықсыздандыру зонасы фурма деңгейінен шамамен 3,5 м жоғары болады.

Қазіргі кезде металл оксидінің тотықсыздану процесінің 2 теориясы қарастырылады:

- Академик Байков теориясы. Бұл теория бойынша металл оксиді ыдырау күйінде болатын жүйе, тек қана белгілі сыртқы шарттарға сай осындай күйде бола алады. Мысалы: металл оксиді бос оттегі бар ортада ғана болады деп есептейді. Олар температураға байланысты келесі реакциялар мен ыдырайды деп есептейді.

Төменгі температурада:




Жоғары температурада:



Өте жоғары температурада:



Осы теория бойынша тотықсыздану 2 кезеңмен жүреді:





яғни, тотықсыздану ролі – оттегімен байланысып газ фазасындағы оттегінің парциал қысымын төмендету.

- Профессор Чуфаровтың металл оксиді тотықсыздануының адсорбциясы каталитикалық негіздеген бұл теория бойынша тотықсыздану процесі 3 кезеңмен жүреді. а) Тотықсыздандырғыш газдың металл оксиді бетінде

адсорбциясы; б) оттегінің оксидтен бөлініп, CO₂ немесе H₂O түзуі және металдың жаңа фазасының түзілуі; в) тотықсыздану өнімі CO₂ немесе H₂O - ны реакция бетінен әкету.

Келесі реакциялармен жүреді:



Металл тотықтарының тотықсыздану реакциялары экзотермиялық және эндотермиялық болуы мүмкін. Температураның өсуімен экзотермиялық реакцияға газдардағы СО-ның үлкен концентрациясы төмен болуы қажет. Металл оксидтерінің тотықсыздану процесінің толық және жылдам жүруі келесі факторларға тәуелді:

- Реакция зонасына тотықсыздандырғыш газдарды әкету және одан газдық өнімдерді жылдам әкету;
- Процестің температурасы (температураның өсуімен тотықсыздану реакциясы жылдам өседі);
- Агломерат кесектерінің ірілігі (өте ірі болса, оксидтер мен тотықсыздандырғыш қатынасы төмендейді, процестің жылдамдығы азаяды);
- Шикіқұрамның кеуектілігі (кеуектілік өсуімен реакция жылдамдығы жоғарылайды).


Тотықсыздандыра шахталық балқыту кезіндегі шикіқұрам компоненттерінің өзгеруі

Қорғасын – агломератта негізінен PbO және металдық Pb түрінде болады. (PbO SiO₂, PbO Fe₂O₃). Пешке тиелген агломерат газбен жылдам қызиды, балқу температурасына жеткенде қорғасын балқып бөлінеді. Сұйық Pb шикіқұрамның қалың қабаты арқылы сүзіліп, төмен түседі. Жолда күміс, алтын, мыс, сүрме, висмут және басқа металдарды ерітіп, осы қоспалармен бірге горнда жиналады. Бұл ластанған қорғасынды - қара қорғасын деп атайды.

Негізгі реакциялары:




Агломераттағы қорғасын сисликаттары жылдам еріп, қызады және өзінде басқа металдарды ерітеді. Сондықтан бұл процесте қорғасын, мыс, темір және басқа металдар оксидтерінің басым бөлігі қождық құрамнан тотықсызданады.




$$K_p = \frac{P_{CO}[Me]_{pb}}{P_{CO}[MeO]_o}$$

яғни қождағы металл окидтерінің мөлшері неғұрлым аз болса, СО-ның соғұрлым көп болуы тиіс. Силикаттағы қорғасының тотықсыздануы қиын. Оған күшті негіздер оң әсер етеді. Силикат құрамындағы қорғасын бөліп алуға жеңілдік береді.



Нәтижесінде сұйық қорғасын әктасты темірлі қож және газ алынады. Бұл процеске біршама уақыт қажет. Сондықтан шахталық балқытуды өте жылдам жүргізбейді.

Қорғасын ферриттері – жеңіл тотықсызданады, төменгі температурада СО мен C_k тотықсызданады. Қорғасын сульфаттардан келесі реакциямен тотықсызданады.



PbS штейнге өтеді немесе келесі реакциямен бөлініп алынады:




Бұл үшін пешке темір жоңқасын салу қажет.

Мыс – агломератта негізінен Cu_2O , $Cu_2O \cdot SiO_2$, Cu_2S және $Cu_2O \cdot Fe_2O_3$ түрінде болады. Cu_2S өзгермей штейнге өтеді, ал мыстың шала тотықтары күйдіру дәрежесіне байланысты әр түрлі өзгеріске ұшырайды. Егер агломератта штейн түзуге қажетті күкірт қалдырылған болса, келесі реакция жүреді:



Мыс оксидтері металдық мысқа дейін тотықсызданады, бірақ мыстың күкіртке тартылысы күшті болғандықтан шикіқұрамда күкірт жеткілікті болған шартта келесі реакциямен штейнге өтеді:



Егер күкірт жеткіліксіз болса, мыс қара қорғасынға өткізеді. Силикат түріндегі мыс тотықсызданып үлгермесе мыс қожға өтеді, яғни мыс балқыту процесінің барлық өнімдерінде де болады.

Мырыш – агломератта ZnO , ZnS , $ZnSO_4$, бір бөлігі $xZnO$ yFe_2O_3 түрінде болады. Балқыту кезінде мырыш сульфаты келесі реакциямен ыдырайды:



Бір бөлігі тотықсызданып:



ZnS зиянды қосылыс. Балқыту процесінде қож бен штейнге өтеді. Нәтижесінде қождың тығыздығы өсіп, балқуы қиындайды. Ал штейннің тығыздығы төмендеп балқу температурасы өседі. Соның әсерінен штейн мен қожды бөліп алу қиындайды. ZnS көп болса, онда пештің горнында штейннің бетінде мырышты көбікті штейн түзілуі мүмкін. Нәтижесінде процестің жүрісі бұзылады, пештің тоқтауына әкеп соғады. ZnS бір бөлігі келесі реакциямен тотықсызданады.



Мырыш бу түрінде ұшып келесі реакциямен тотығады:




Мырыш тотығуы газдармен әкетіледі, бір бөлігі қақ түзуі мүмкін. ZnO тотықсыздануы қиын оксид оған күшті тотықсыздандыру атмосферасы және $1000^{\circ}C$ жоғары температура қажет.



Егер ZnO агломераттың құрамында болса, оның зиянды әсері төмен болады. Оны (ZnO) балқыту кезінде силикаттарға өткізеді. Қожда FeO - ның мөлшері жоғары SiO_2 мен CaO - ның мөлшері төмен болса, қождың ZnO - ны еріту қабілеті жоғары болады. Сондықтан қонцентраттың құрамында Zn мөлшері жоғары болғанда, күйдіру процесін толық жүргізіп, балқыту кезінде қожға өткізуге тырысады.

Темір – агломератта негізінен Fe_3O_4 , Fe_2O_3 және аз мөлшерде FeO түрінде болады. Темірдің бір бөлігі қорғасын, мыс, мырыш пен ферриттер түзеді. Шахталық пештің тотықсыздандыру атмосферасында негізінен Fe_3O_4 - пен FeO қалады. Өйткені Fe_2O_3 келесі реакциямен жылдам тотықсызданады.



Бұл реакция төменгі температурада тотықсыздандырғыш аз концентрацияда жүреді. Fe_3O_4 күшті тотықсыздандыру атмосферасында келесі реакциямен тотықсызданады.



Оны темірге дейін тотықсыздандыру үшін жоғары температурамен, өте күшті тотықсыздандыру қажет. Бірақ қорғасын балқытуда металға дейін тотықсызданған темір пеште қақ түзеді. (темір жугы) Сондықтан металдық темір түзілетін жағдай жасамайды.


FeO келесі реакциямен силикат түзеді:



Бұл темірлі силикат қожға өтеді. Темір шала тотығының моно силикаты ($2 \text{FeO} \cdot \text{SiO}_2$) қождың тығыздығын көтереді, сұйық аққыш қасиет береді және мұндай қож сульфидтермен мырыш тотығын жеңіл ерітеді. Күкіртті темір штейнге өтеді.

Мышьяк мен сүрме – бұл металдар балқыту процесінде As_2O_3 түзе жартылай ұшады. Бір бөлігі қара қорғасында ериді немесе балқыту процесінде жеке өнім - шпейза түзеді. Егер агломератта Ni мен Co айтарлықтай мөлшері болған жағдайда, шпейза түзу тиімді. Өйткені бұл металды шпейзада шоғырланады.

Қалайы келесі реакциямен тотықсызданады:



Қалайы қорғасында ериді, қалғаны қожға өтеді. Бұл қымбат металл болғандықтан, оны қорғасыннан бөліп алудың маңызы зор.

Алтын мен күміс – агломератта Au , Ag , Ag_2S , және Ag_2SO_4 түрінде болады. Балқыту кезінде негізінен қара қорғасынға өтеді. Қара қорғасын асыл металдың жақсы коллекторы. Бірақ бұл металдың бір бөлігі штейн мен шпейзаға өтеді.

SiO_2 , MgO , MnO , Al_2O_3 , CaO – бұл оксидтер тотықсызданбай, қожға өтеді.

Шахталық балқыту процесінде шикіқұраммен тотықсыздандырғыш газдар арасында жүрген көптеген күрделі процестер нәтижесінде балқыту процесінің негізгі үш өнімі түзіледі: қара қорғасын, штейн, қож. Бұл өнімдерде металдың бөлінуі көптеген факторларға тәуелді: а) агломераттың құрамы; б) балқыту режимі; в) процестің қарқындылығы; г) температурасы; д) тотықсыздандыру атмосферасы; ж) тұндырудағы өнімдердің өзара толық бөлінуі.

1.3.2 Процестің тәжірибесі

Өскемен металлургиялық кешенінде (ӨМК) қорғасын өндірісінде технология бойынша қолданыстағы үш шахталы пештер қарастырылған. Олардың біреуінде агломераттың классикалық тотықсыздандырып балқытуын, екіншісінде – өндірістік өнімдер мен қайтымды материалдарды жеке өңдеуге шығарумен – қысқартылған балқытуды жүргізеді. Үшінші пеш не күрделі жөндеу жұмыстарында, не резервте орналасуы мүмкін.

Шахтада балқыту мақсаты – алтын және күміспен шоғырланған металл түрінде қорғасынның максималды мөлшерін және агломераттың бос жыныс компоненттері ерітілген үйінді шлак алу.

Балқытудың бастапқы шихтасы қорғасын агломераты, кокс және ауа болып табылады. Шахтада балқытудың отын қызметін кокс атқарады. Пешке тиелген шихта мен кокс бірнеше сағат ішінде колошниктен фурма белдеміне қыздырылған газ ағынына қарсы түседі. Пеште орналасу уақыт аралығында шихта физикалық және химиялық өзгерістерге ұшырайды, нәтижесінде жоғарыда аталған сұйық балқыту өнімдері мен газдар алынады.

Шихта балқытуды, буландырып суытылатын кессондары бар тік бұрышты қималы шахталы пеште жүргізеді. Пеш үздіксіз режимде және сиретілумен жұмыс істейді. Пеш газарнасының сиретілуі тарту күшін өлшегішпен құрылады және 20 мм сут.бағ. құрайды. Бөлінетін газдар көлемі шамамен 290 мың нм³/сағ (бақылау шаң ұстау учаскесінің құралымен жүзеге асырылады). Бөлінетін газдар температурасы потенциометрмен бақыланады және ол 873 К құрайды. Пештің ауа режимі манометр (2000-4000 кгс/м²), шығын өлшегіш (15000-30000 нм³/сағ.) және газ талдағыш (үрлеуде оттегі мөлшері 20-30 %) көрсеткіштерімен бақыланады. Пеш үрлеу қысымының төмендеуін, бөлінетін газ температурасы мен бак-сепараторда су деңгейінің көтерілуін көрсететін дабыл қағу жүйесімен жабдықталған. Суыту үшін буландыру қондырғысында технологиялық бу алынуымен, суды химиялық тазалау бөлімінен түсетін химиялық тазартылған су қолданылады. ӨМК-да кессондарды буландырып суытудың пайдаланылуы кессондарды сумен суыту алдында ауқымды артықшылығын береді. Мәселен, кессондарды суыту үшін қажетті су шығыны шамамен 15 есе қысқарады, 4-5 атм артық қысым мөлшерінде алынатын бу толығымен кешеннің қажеттілігі үшін пайдаланылады. Операторлық бөлімде шахталы пеш жұмысының технологиялық көрсеткіштерін және буландырып суыту жүйесін басқару және бақылау пульті бар.


